



ОТ УНИВЕРСИТЕТА НОВОЙ ФОРМАЦИИ К ЧЕЛОВЕЧЕСКОЙ ЦИВИЛИЗАЦИИ

Недавно делегация КазНУ приняла участие в VII Глобальном форуме Альянса цивилизаций ООН на тему «Существование в инклюзивных обществах: вызов и цель» (г. Баку).



Альянс цивилизаций – это авторитетная международная организация, действующая под эгидой ООН. Она создана в 2005 году по инициативе правительств Испании и Турции с целью активизации международных действий против экстремизма посредством межнационального, межкультурного и межрелигиозного диалога.

В работе форума приняли участие более 2 тыс. участников из 146 стран мира, среди которых – главы государств и правительств, лидеры международных и региональных организаций, политики, представители научных кругов, молодежи, мира искусства и СМИ. Казахстанскую делегацию на форуме представил поэт и общественно-политический деятель Олжас Сулейменов, председатель Сената Парламента Казахстана Касым-Жомарт Токаев, а также делегация КазНУ под руководством ректора университета Галыма Мутанова.

В рамках мероприятия состоялось 30 секционных заседаний и две пленарные сессии, на которых были обсуждены приоритетные для ООН проблемы: налаживание взаимопонимания и преодоление отчуждения между народами в условиях поляризирующегося мира, роль религиозных лидеров, женщин, молодежи, а также образования и спорта в построении инклюзивного общества.

КазНУ стал единственным вузом, который при поддержке Альянса цивилизаций ООН стал организатором специальной секции «Аль-Фараби – философ цивилизаций». В ней принимали участие председатель Турецкого национального координационного совета Альянса цивилизаций Бекир Карлыга, Олжас Сулейменов, политики, представители научных кругов, мира искусства и СМИ.

Особый интерес участников форума вызвал доклад ректора КазНУ Г. Мутанова. В своем докладе он рассмотрел человеческие цивилизации с позиции термодинамических и диалектических закономерностей, согласно которым цивилизации находятся в постоянном динамичном развитии благодаря борьбе двух противоположных законов. С одной стороны, согласно второму закону термодинамики, или закону возрастания энтропии (хаоса), цивилизации движутся в сторону разрушения и хаоса, а с другой – благодаря разумной человеческой деятельности, направленной на уменьшение энтропии, цивилизации сохраняются. Разумная человеческая деятельность, направленная на создание желаемого будущего, называется сегодня социальной инженерией. По сути, созданием подобного проекта будущего общества – добродетельного города, жители которого будут счастливы, и занимался великий тюркский философ и ученый Абу Наср аль-Фараби.

Продолжение на 2 стр.

НАР ТҰЛҒА

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да белгілі ақын, Қазақстанның мемлекет және қоғам қайраткері, халықаралық «Невада-Семей» антиядролық қозғалысының президенті Олжас Сүлейменовтің 80 жылдық мерейтойына арналған «Олжас Сүлейменовтің шығармашылығы және ұлттық сананың өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми конференция өтті.

Жиын танымал суретші Амандос Ақанаевтың шығармалары, оның ішінде мерейтой иесінің портреті қойылған көрмені тамашалаумен басталды.

Пленарлық отырыстың шымылдығын ашқан ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанұлы Олжас Омарұлының бүгінде ел игілігі үшін қызмет етіп жүрген азаматтардың бірі әрі бірегейі екенін атап өтті. «Мен Олжас Омарұлының негізгі үш қызметін атап өткім келеді. Ол – поэзия, ғылыми проза және публицистика – бұл оның азаматтық ұстанымының іс жүзіндегі көрінісі. Ақын ретінде ол – алпысыншы жылдардағы Андрей Вознесенский, Роберт Рождественский, Евгений Евтушенко, Белла Ахмадулина, Новелла Матвеева, Юнна Мориц және өзге де танымал ақындар тізімінде ойып алар орны бар тұлға. Ол «Нет Востока и Запада нет, есть огромное слово Земля» деп әлемге жар салды. Осылайша 1961 жылдан кейін өзінің өлендерімен Америка мен Батыс Еуропаны баурап алды. Оның шығармашылық кештерінде зал ішінде ине шаншырлық жер болмайтын еді», – деді ректор.

Жалғасы 3-бетте

БІЛІМ ҮЗДІК НӘТИЖЕГЕ ҰЛАСУЫ ҚАЖЕТ

Кезекті ректорат отырысында білім алушылардың кәсіби практикасын ұйымдастыру, бітіруші түлектерді жұмысқа орналастыру, ағымдағы үлгерімділікті бақылаудың нәтижелері және 2015-2016 оқу жылының жазғы емтихан сессиясына дайындық жұмыстары күн тәртібіне шықты.

Білім алушылардың практикасын ұйымдастыру және 2016 жылғы бітіруші түлектерді жұмысқа орналастыру туралы хабарламамен құлағдар ету үшін мінбеге алғашқылардың бірі болып Мансап және бизнес орталығының директоры Бақытжан Сапаров көтерілді. Ол: «Біздің оқу жүйемізге сәйкес әр оқу жылының соңында студенттеріміз жыл бойы жиған білімін тәжірибе жүзінде іске асыру үшін мекемелерден кәсіби практикадан өтеді. Кәсіби практика студенттің біліктілігіне сай оқу тәжірибесі, өндірістік тәжірибесі және дипломалды тәжірибе деп бірнеше сатыларға бөлінеді. Тәжірибе барысында білімгердің үлгерімі бағаланып, жұмыс нәтижесіне мекеме тарапынан мінездеме беріледі. Осы тұрғыда тәжірибе жоғары сапада өтіп, өнімді нәтиже көрсету үшін ҚазҰУ еліміздегі бірнеше көшбасшы мекемелермен тығыз қарым-қатынас орнатқан. Бүгінгі таңда осы байланыстың арқасында университет түлектері мекемелер тарапынан жас кадрлар ретінде жоғары сұранысқа ие», – деп сөз бастап, одан әрі Мансап және бизнес орталығының басшылығымен кәсіби практика мен түлектерді жұмыспен қамту мақсатында ұйымдастырылған іс-шараларға кеңінен тоқталып өтті.

Жалғасы 2-бетте

БҮГІНГІ САНДА:

ҒАЛЫМНЫҢ
МЕРЕЙТОЙЫНА АРНАЛДЫ



3-бет

МИРОВЫЕ ЗНАНИЯ
В ЭНЕРГЕТИКУ
КАЗАХСТАНА



4-стр.

ҚАЗҰУ-ДАН ТҮЛЕП
ҰШҚАН



6-бет

ЕРЛЕР ЕЛІН МЫЛТЫҚСЫЗ-АҚ ҚОРҒАСЫН...

Ұлы Жеңістің дәмі қаншалықты тәтті болса, соғыс қасіретінің зардабы соншалықты ащы. Соғыс атты алапат дауылдың жолдағысын жалмап, ешкімді аямайтыны хақ. Бес жылдың ішінде миллиардтаған адамның көз жасы, миллиондаған адамның қыршын кеткен өмірі, хабар-ошарсыз кеткендері қаншама.



жүректен зор денсаулық, қажымас қайрат, отбасыларыңызға құт-береке тілеймін!» – деді ректор. «Парасат» кәсіподағының төрағасы Талғат Мекебаев жүргізген басқосуда өзінің керемет ізгі-ниетімен ерекшеленген, тарихшы ғалым Уәхит Шәлекенов: «Біздер, ҰОС ардагерлері мен Еңбек ардагерлері бірталай еңбек істедік. «Жасыңда еңбек етсең, қартайғанда рахатын көресің» демекші, еліне елеулі, халқына қалаулы азаматтарды қазірден бастап дайындау, олардың патриоттық

сезімдерін күшейту – ұстаз ретінде біздің басты міндетіміз. Осындай іс-шараны ұйымдастырып отырған университет басшылығына алғысымды білдіремін», – деп атап өтті. Барша ақсақалдар қауымы жер жүзіне бейбітшілік тілеп, жастарға арнап игі тілектерін, өсиеттерін жеткізді.

Мерекелік жиында ақсақалдарды ҚазҰУ-дың өнерлі өрендері – «Бакыт би ансамблі», «Фараби саз-оркестрі» керемет мерекелік концертпен қуантты.

Жандос ТАСТАН

ҰЛТТЫҚ ИДЕЯМЫЗ - «МӘҢГІЛІК ЕЛ»

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ҚР Парламенті және Алматы қаласы Мәслихаты депутаттарының «Мәңгілік ел» идеясын насихаттау мақсатында студенттермен кездесуі өтті.

Жиынды ҚазҰУ ректоры, академик Ғалым Мұтанов ашты. «Ынтымағы жарасқан халық болып қалыптасуы үшін ұлттық ой керек. Қазақстан Тәуелсіздігін алғалы қаншама сыннан өтіп келе жатыр. Болашақта дәл осы қарқынмен даму барысы жүзеге асады ма деген сұраққа біз тек сөзбен ғана емес, іс-әрекетпен де жауап беруіміз қажет», – деді ректор.

«Адам баласының эмоцияға берілгіштігі, тереніне үнілмей тез шешімдер қабылдап қоятындығы баршамызға аян. «Бірінді, қазақ, бірін дос, көрмесен, істің бәрі бос» деп ұлы Абай айтпақшы, бір-біріңе тілектес, ниеттес болмасаң, істің бәрі бос болады. Осындай қиын кезеңде бір-бірімізге қолдау көрсетіп, қол ұшын беру, ел игілігі үшін еңбек ету аса маңызды», – деп атап өтті Парламент Мәжілісінің депутаты Бекболат Қанайұлы Тілеухан. Сонымен қатар ол «Мәңгілік ел» болып қалыптасу үшін құлдық санадан арылу керектігіне ерекше тоқталды.

Сонғы кезде халық арасында резонанс тудырған жер мәселесі, Елбасымыздың күні кеше жариялаған мораторийі де көпшілік талқысына түсті. «Ата-бабадан аманат болып қалған кең-байтақ жеріміз – әрбір қазақстандықтың асыл-мұрасы, сол себепті әрқайсысымыз бұл мұраны көзіміздің қарашығындай аялауымыз қажет!» – деді Алматы қаласы Мәслихатының ең жас депутаты Асылхан Төлепов. Студенттердің қатысуымен өткен жиын қоғамда қордаланған бірқатар мәселелер төңірегіндегі сұрақтарға жауап берді.

Іс-шараға «Нұр Отан» партиясы орталық аппараты басшысының орынбасары Мәди Жарылқасынұлы Оспанов, Қазақстанның еңбек ері, ұлағатты ұстаз Аягүл Төреқызы Миразова, Алматы қаласының жастар саясаты мәселелері жөнінде басқарма басшысы Нұрлан Сыдықов, Алматы қаласы Жетісу аудандық прокурорының орынбасары Бауыржан Ертаев қатысып, жастарға арнап сөз сөйледі.

БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ

ОТ УНИВЕРСИТЕТА НОВОЙ ФОРМАЦИИ К ЧЕЛОВЕЧЕСКОЙ ЦИВИЛИЗАЦИИ

Продолжение. Начало на 1 стр.

Формирование разумных людей всегда являлось миссией системы образования, и если в средние века эту миссию выполняли медресе, то сегодня она перешла к университетам. По словам ректора КазНУ, осознание этой проблемы подвигло университет, носящий имя Аль-Фараби, к разработке научно-инновационного проекта «Al-Farabi university smart city». Основой проекта является идея добродетельного общества Аль-Фараби, носителями и распространителями которого являются студенты.

Реализация проекта «Al-Farabi university smart city» нацелена на создание университета современной формации, в котором одновременно и гармонично развиваются две основные составляющие – технологическая и духовно-нравственная платформы.

«В мире насчитывается более 20 тыс. университетов, и если каждый из них будет заниматься формированием граждан мира с высокими нравственными установками, то мы уверены, что будет сформирован добродетельный мир, о котором мечтал Аль-Фараби,

а человеческая цивилизация будет развиваться устойчиво, и все мы будем жить без коллапса», – заключил ректор КазНУ.

В рамках визита делегация КазНУ посетила Национальную академию наук Азербайджана, где состоялась официальная встреча и присвоение О. Сулейменову звания Почетного доктора Института литературы им. Низами и золотой медали Национальной академии наук Азербайджана ректору КазНУ Г. Мутанову.

В ходе мероприятия вице-президент академии наук АР И. Габибейли, посол Казахстана в Азербайджане Б. Исабаев и ректор КазНУ Г. Мутанов рассказали азербайджанской общественности о творческом пути О. Сулейменова и его вкладе в укрепление братских казахстанско-азербайджанских отношений.

Итогом визита явилось достижение договоренности об участии делегации КазНУ в работе Генеральной Ассамблеи ООН с целью открытия секции, посвященной Аль-Фараби, в сентябре текущего года.

РЕКТОРАТ

Жалғасы. Басы 1-бетте

БІЛІМ ҮЗДІК НӘТИЖЕГЕ ҰЛАСУЫ ҚАЖЕТ



Бітіруші түлектердің кәсіби практикасы мен жұмысқа орналасуына хабардар болғаннан кейін, күн тәртібіне іліккен тағы бір мәселе ағымдағы үлгерімділікті бақылаудың нәтижелері және 2015-16 оқу жылының жазғы емтихан сессиясына дайындық туралы хабарлауға көпшілік алдына академиялық мәселелер жөніндегі департаменттің директоры Асқар Хикметов шықты. «Үлгерімділікті бақылаудың нәтижесі бойынша биология және биотехнология факультеті мен филология және

әлем тілдері факультеті көш бастады. Сонымен қатар былтырғы жылмен салыстырғанда жана оқу жылында үлгерімділікті өсіру үшін география және табиғатты пайдалану факультеті мен философия және саясаттану факультеттері қарқынды жұмыс жасады деп айта аламыз. Осы үлгерімнің нәтижесі бойынша келе жатқан жазғы емтихан сессиясына жалпы бакалавр сатысында оқитын тоғыз мыңнан астам, магистратура сатысында оқитын мың екі жүзден астам, докторантура сатысында

оқитын екі жүзден астам студент міндеттелген сабақтардан емтихан тапсыратын болады», – деп хабарлады департамент директоры А.Құсұпбекұлы. Одан әрі емтихан ережелеріне, емтихан кезіндегі студент пен оқытушылар міндеттеріне және емтихан сұрақтарының құрастырылу деңгейіне тоқталып, толық ақпарат беріп өтті.

Аталмыш ректорат мәжілісіне Иран ислам республикасынан келген сыйлы қонақ – Иран Елшілігінің Алматы қаласындағы мәдени өкілдігінің басшысы Маджид Камрани қатысып, университеттің парсы бөлімшесінде білім алып жатқан студенттердің оқу ақысын төлеу туралы келісімшартқа қол қойды. Филология факультетінің бірнеше студенттеріне арнайы шақырақылар тағайындалып, қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының меңгерушісі Алуа Берікбайқызын Б.Момышұлы мұрасы қоғамдық қорының директоры Оралжан Жақаулы «Бауыржан Момышұлына 100 жыл» медалімен марапаттады. Сонымен қатар жиын барысында «Мәдениеттану» мамандығының 3-курс студенті Гүлжайна Ануарбекова ҚР Парламенті мәжілісі мен мәслихаттары депутаттарының сайлауында «Нұр Отан» партиясының сайлау науқанына белсене қатысқаны үшін ҚР Президенті, «Нұр Отан» партиясының төрағасы Н.Ә.Назарбаевтың алғыс хатын иеленді.

Қаламқас АМАНҚОСОВА

Ректор Ғ. Мұтанов бастаған ҚазҰУ делегациясы Бакуде өткен «Инклюзивті қоғамда бейбіт қатар өмір сүру: қатарлері мен мақсаты» атты БҰҰ Өркениеттер альянсының VII Ғаламдық форумына қатысты

Жалғасы. Басы 1-бетте

НАР ТҰЛҒА



Олжас Сүлейменов – батыл әрекеттер адамы. Дәл сондықтан, қысқа мерзімде «Невада-Семей» қозғалысы құрылды. Аз уақыт ішінде нәтижелі еңбектер атқарылды. Максаты айқын ақындықты жанына ту еткен азамат әрқашан ел игілігі үшін қызмет етті. Әрі қарай да солай бола бермек. Келесі кезекте сөз алған Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы, ақын, сенатор Нұрлан Оразалин осындай ойын ортаға салды. Ол: «Олжас Сүлейменов өзінің ең алғашқы 1961 жылы сәуірде жазған «Адамға табын жер енді» поэмасымен бүкіл дүниежүзіне қалай танылса, сол танылған биігінен, өзінің сол рухани ұлы кеңістігінен жазбай, жаңылмай келеді. Олжастың ең басты байлығы, ең басты ерекшелігі – оның бойында қазақты әлемге танытатын үлкен рухтың, үлкен асқақтықтың бар екендігі. Оның поэзиясы бірте-бірте кеменгерлерге тән ойшылдыққа ойысты. Ол ғылым мен әдебиетті бір-бірімен үйлестіріп, ұштастыра білді. Осы үрдісті қазір де жалғастырып келе жатыр. Олжакең халқының махаббатына бөленген тұлға. Халқымен қашанда осылай бірге бола береді», – деді ақын жайында.

Жазушы, публицист, лингвист Олжас Сүлейменовтің 80 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған шараға арнайы шақырылған мәдениеттанушы, публицист, қоғам қайраткері М.М. Әуезов қатысып, «Олжас Сүлейменов және ұлттық идея» тақырыбында баяндама жасады. Ол: «Бүгінгі үлкен той – Олжакеңнің ғана емес, бүкіл қазақтың қуанышы. Олжас еңбекқорлығының

аркасында осынша беделге жетті. Тек қана өзін ғана тәрбиелемей, қазақтың абыройлы тағдырына зор үлесін қосты. Дүйім жұрттың арасында патриоттықты насихаттап, ұлттық сана сезімді оятқан және дұрыс жолға салған жандардың бірі осы Олжакең болатын. Олжастың жүріп өткен жолы кез келген жанға үлгі, жеткен жеңісі бүкіл қазақ баласына өнеге. Ақын – терең ойдың азаматы, рухты адам. Сол мықты рухының аркасында еліміздің абыройын асқақтатты. Ұлттық рухты қалыптастырды», – деп сөз бастап, ұлт тәрбиесіне қатысты ақын еңбектерімен таныстырып өтті.

Алқалы жиын конференцияның секциялық отырыстарына ұласты. Іс-шара барысында барлығы 50-ден астам баяндама тыңдалып, Олжас Омарұлы шығармаларының құрылымдық, стильдік ерекшеліктері талданды.

Нар тұлға мерейтойының алғашқы легі осындай леппен басталды. Ақынды алғашқы болып құттықтаған алма-матер ұжымы Олжас Омарұлына қажымас қайрат, сарқылмас күш-қуат пен зор денсаулық тілейді. Әлі де алар асуларыңыз көп болғай!

ӨЗ ТІЛШІМІЗДЕН

История казахской журналистики

В КазНУ стартовал новый онлайн курс «История казахской журналистики». Его цель – раскрыть страницы истории зарождения, становления и развития демократической прессы Казахстана. Это первый онлайн курс факультета журналистики, подготовленный силами членом кафедры печати и электронных СМИ: старшим преподавателем, к.ф.н. А.А. Мусиновой, и.о.доцента, к.ф.н. А.Б.Альжановой при участии профессора, д.и.н. С.К. Козыбаева. Курс рассматривает возникновение и становление казахской периодической печати в контексте развития казахстанского общества с момента появления в середине XIX века первых публицистических произведений и выхода в свет первых национальных периодических изданий. Часть курса посвящена рассмотрению развития национальных СМИ переходного периода и периода независимости, начальный этап становления отечественного радио, а также демонстрирует роль СМИ в формировании государства, общественного мнения и участия населения в политике.

Курс «История казахской журналистики» предназначен для старшеклассников, которые рассматривают журналистику, как свою будущую профессию, а также для студентов факультетов журналистики, филологии, истории. Он будет интересен не только для тех слушателей, которые планируют связать свою жизнь с журналистикой, но и для всех, кому интересна история, как наука, так как история журналистики любого государства всегда напрямую связана с историей развития его общества.

А. А. МУСИНОВА,
старший преподаватель
кафедры печати и электронных СМИ

Жуырда ҚазҰУ-да тарих ғылымдарының докторы, профессор Мадияр Елеуовтің 70 жылдық мерейтойы атап өтілді.

ҒАЛЫМНЫҢ МЕРЕЙТОЙЫНА АРНАЛДЫ



Профессордың мерейтойына орай тарих, археология және этнология факультетінің ұйымдастыруымен университет деңгейінде «Қазақстанның тарихи-мәдени мұраларының өзекті мәселелері: өткені, бүгінгі мен болашағы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Сонымен қатар аталмыш шара Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналды.

Конференция аясында өткізілген пленарлық отырыста тарих, археология және этнология факультетінің деканы А.Қ. Жұмаділ сөз бастап, ҚазҰУ ректоры, академик Ғалым Мұтанұлының құттықтау тілегін жеткізді. «Құрметті Мадияр Елеуұлы, сізді 70 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймын. Сіз байырғы, көне шаһарлардың қойнауында талай ғасырлар бойы бүгіп жатқан сырлары мен қырларын ашу, оны кейінгі ұрпаққа жеткізудің ауыр жүгін аркалап келесіз. Сіздің еліміздің археология ғылымының дамуына, археолог мамандарды даярлауға, ортағасырлық елді мекендер мен қалалардың пайда болуын, қалыптасуын және олардың даму тарихын кеңінен зерттеуге, Шу мен Талас өңірлерінде, Қаратау, Сырдария ағысындағы қалалар мен елдердің өмір сүрген уақытын анықтауға, бұзылып жатқан, жойылу қаупінде тұрған ескерткіштерді түзеуде қосқан үлесіңіз зор. Сіздің бойыңызда өз ісіңізге деген ерекше сүйіспеншілік байқалады. Сіздің өміріңіз – нағыз майталман маманның, ұлағатты әкенің үлгілі өмірі. Қоғам игілігіне бағытталған еңбегіңіздің жемісін

көріңіз. Өнегелі іс істеуде қанатыңыз талмасын! Қажыр-қайратыңыз арта берсін! Құрметті Мадияр Елеуұлы өзіңізге және отбасыңызға зор денсаулық, ырыс пен ынтымақ, бақыт пен береке тілеймін!» – деп, университет ректорының ақ тілегін жолдаумен қатар тарих, археология және этнология факультетінің ұжымы атынан құттықтап, мерейтой иесіне арнайы сыйлық табыс етті.

Археология саласының дамуына сүбелі үлес қосқан М. Елеуұлының құрметіне арналған жиынды одан әрі «Профессордың ғылыми-педогогикалық қызметі» атты баяндамамен т.ғ.д., профессор,

археология, этнология және музеология кафедрасының меңгерушісі Қалыш Аманжол Боранбайұлы жалғастырды. Ол: «Мадияр Елеуұлы жарты ғасыр ғұмырын жастарға білім беруге, ғылымның дамуына арнаған ұстаз. Ол Қызылорда облысы, Шиелі кентіндегі №147-орта мектебінде оқып жүріп, болашақта тарихшы болуды арман етті. 1965 жылы мектеп бітіргеннен кейін еңбек жолын өз туған ауылында бастады. 1966-1969 жылдары КСРО-ның соғыс-теңіз флотында әскери міндетін атқарды. 1971 жылы 24 жасында өзі армандап жүрген С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің тарих

факультетіне оқуға түсіп, 1975 жылы үздік бағамен бітіреді. 1975 жылы Қазақ КСР Жоғары және орта арнаулы білім министрінің жолдамасымен Қызылорда облыстық тарихи өлкетану музейіне аға-ғылыми қызметкер болып барып, 1976-1996 жылдар аралығында Қазақ мемлекеттік университетінің археология және этнология кафедрасында лаборант, ассистент, аға-инженер, оқыту, доцент қызметтерін атқарды», – деп баяндамасын бастап, одан әрі профессордың шәкірт тәрбиелеуде асқан шеберлігі мен ғылым айдынындағы елеулі еңбектеріне шолу жасап өтті.

Профессордың 70 жылдық мерейтойы аясында өткізілген шараға ғалымның әріптестері, курстастары, достары, шәкірттері және отбасы мүшелері қатысып, шынайы лебіздерін жеткізді. Арнайы шақырылған қонақтар қатарында болған т.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА құрметті академигі У.Х. Шәлекенов, Ә.Х. Марғұлан атындағы археология институтының меңгерушісі академик К.М. Байпақов, т.ғ.д., Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті археология ғылыми-зерттеу орталығының бас ғылыми қызметкері С.Ж. Жолдасбаев, РМҚК Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-мұражайы директорының кеңесшісі Н.О.Алдабергенов сынды тұлғалар тарапынан профессордың археология саласында жеткен жетістіктері мен асқан ғылыми жаңалықтары жайында әр түрлі бағыттағы баяндамалар оқылып, пленарлық мәжіліс секция жұмысымен жалғасты.

ӨЗ ТІЛШІМІЗДЕН

Қаржы кафедрасына — 15 жыл

Экономика және бизнес жоғары мектебінің ірі құрылымдарының бірі болып табылатын «Қаржы» (бұрынғы «Қаржы және аудит») кафедрасы осыдан 15 жыл бұрын 18 сәуір күні сол кездегі университет ректоры академик К.Н.Нәрібаевтың бұйрығымен құрылған болатын. Ол халықаралық стандартқа сәйкес «Қаржы және несие» және «Бухгалтерлік есеп және аудит» мамандығы бойынша жоғары білімді кәсіби мамандар дайындау мақсатында ашылып, университеттің сол кездегі Экономика және заң институты құрамында өз жұмысын бастады. Кафедра меңгерушісі болып э.ғ.к., доцент Баян Ермекбаева тағайындалып, ең ірі кафедралардың біріне айналды.

Кафедрадан 2004 жылдың 1 қыркүйегінде «Бухгалтерлік есеп және аудит» кафедрасы бөлініп шығып, «Қаржы» кафедрасы жеке дара қызмет атқара бастады.

«Қаржы» кафедрасы қаржы және банк жүйелері, салық қызметі органдары, сақтандыру компаниялары мен әртүрлі меншік нысанындағы шаруашылық жүргізуші субъектілер үшін күндізгі және сырттай оқу бөлімдерінде қаржыгер мамандар даярлайды.

2009 жылы ақпан айында Б.Ж. Ермекбаева Экономика және бизнес жоғары мектебінің деканы болып, бүгінде кафедраға э.ғ.к., доцент М.Ж. Арзаева жетекшілік етіп келеді. Экономика және бизнес жоғары мектебіне елімізде білім берудің 3 сатылы жүйесі алғаш рет енгізіліп, тәжірибенің аздығына қарамастан, көптеген қиындықтар еңсерілді. Сондай-ақ, бәсекеге қабілетті мамандар дайындауда оңтайлы, озық әдістерді меңгере отырып,

кредиттік технология бойынша білім берудің тиімді тетіктері жасалды.

Бүгінгі таңда кафедрада 30-ға жуық білімді де білікті, тәжірибесі мол оқытушы-профессорлар құрамы қалыптасқан. Атап өтсек, В.Д. Ли, Б.К. Қазбеков, М.С. Төлегенова, Р.К. Сағиева, Н.Н. Хамитов, Б.Ж. Ермекбаева, М.Ж. Арзаева, С. Әсербайұлы, Б.М. Алиева, Б.М. Жорабаева, Г.Р. Даулиева, М.Т. Жоламанова, Ж.Б. Қазбекова, М.Ж. Дарибаева, т.б. жемісті қызмет етуде. Олардың ішінде Б.Ж. Ермекбаева — «ҚР еңбек сіңірген қайраткері», «ҚР ЖОО үздік оқытушысы», В.Д. Ли, Н.Н. Хамитов пен М.С. Төлегенова — «ҚР ЖОО үздік оқытушысы» байқауының иегерлері.

Кафедра ұжымы жоғары білімді халықаралық деңгейге көтеру мақсатында оны басқарудың жаңа тәсілдері мен заманға сай технологияларын кеңінен пайдалануға жол ашуда. Уақыт өткен сайын кредиттік технология жағдайында әртүрлі сипатта дәрістер оқып, семинар сабақтар жүргізумен қатар жаңа озық әдістер, атап айтқанда, интерактивті инновациялық ахуалдық, презентациялық, пресс-конференция, кашықтықта оқыту, жеке топтық т.б. тәсілдер кеңінен қолданылуда.

Кафедра ұжымы соңғы жылдары ондаған оқулық пен оқу құралдары, бірнеше сөздік (ағылшын-орысша-қазақша), монографиялар мен практикумдар, т.б., оқу-әдістемелік құралдар мен жүздеген ғылыми мақалаларды жарыққа шығарды. Оқытушы-профессорлар құрамы ғылыми-тәжірибелік конференция, спартакиада, олимпиада, дөңгелек үстелдер т.б. түрлі қоғамдық, мәдени, ғылыми, тәжірибелік іс-шараларды ұйымдастыруға белсене араласқаны үшін бірнеше рет

дипломдар, мақтау қағаздарымен, түрлі сертификаттармен марапатталды.

Ұзақ мерзімді келісімшарт негізінде «Қаржы» мамандығының түлектері — қаржы — несие жүйесінің салаларына орналастырылды. Олар: түрлі деңгейдегі салық қызметі органдары, екінші деңгейлі банктер, әртүрлі меншік нысанындағы компаниялар мен фирмалар, сондай-ақ ҚР Ұлттық банкі, Алматы қаласы бойынша салық департаменті, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры, Қазақстан Халық Банкі, Центркредит банкі, Алматы сауда-қаржы банкі, Казкоммерц банкі, т.б.

Сонымен қатар жұмыс берушілердің өкілдерін дипломдық жұмыстардың қорғалуына рецензент ретінде қатыстыру тәжірибесі де өз нәтижесін беруде. Жекелеген өзекті тақырыптарға дәріс оқуға ірі отандық және шетелдік компаниялардың жетекші мамандары тартылып, негізінен шеберлік сыныбы түрінде жүргізілуде.

Кафедраның ғылыми-зерттеу жұмысы негізінен жаһандану жағдайында Қазақстан экономикасының өзекті мәселелерін зерттеуге, ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету факторы ретінде инновациялық белсенділігін арттыруға және қаржылық механизмін жетілдіруге бағытталған.

«Қаржы» кафедрасының ұжымы өткен 15 жылдық кезеңін сараптай отырып, бәсекеге қабілетті, білімді де білікті маман дайындау арқылы тәуелсіз еліміздің дамуына өзіндік үлес қосу мақсатында аянбай еңбек ете бермек!

С. ӘСЕРБАЙҰЛЫ,

э.ғ.к., «Қаржы» кафедрасының доценті

УНИВЕРСИТЕТТЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ БАҒЫТ ҚАНАТЫН ЖАЙДЫ

Қазіргі таңда елімізді жоғары білікті дәрігерлермен қамтамасыз ету қажеттілігі өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Сондықтан да еліміздің іргелі оқу ордасы — өл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да медициналық факультеттің ашылуы жалпы заңдылық болып табылады.

Бүгінгі ақпараттық технологиялар ауқымын кең жайған заманда маманға өмір бойы оқу талап етіледі десек артық айтқандық емес. «Өмір бойы білім алу» идеясы білім беру мен оқыту технологиясының жаңа әдістерін үнемі іздену қажеттілігін тудырады. Осыған сәйкес, университеттің медициналық факультеті білім беру, ғылыми-әдістемелік, сараптамалық ақыл-кеңес беру, диагностикалық және халықаралық аумақтардың алаңы болып табылады.

Қоғамдық денсаулық сақтау жоғары мектебі университеттің тең құқылы құрылымы болып табылады. Жоғары мектеп қоғамдық денсаулық сақтау және тәжірибелік денсаулық сақтау мамандарын білім беру үрдісінің барлық деңгейінде (бакалавриат, магистратура, резидентура, докторантура) даярлап, оның одан әрі қарай кәсіби құзіреттілігін жоғарылату, сондай-ақ, тұрғындар үшін гигиеналық және эпидемияға қарсы дағдыларды қалыптастыру барысында алған білімдерін жоғарылату, басқа да сала мамандары үшін, әсіресе, денсаулықты сақтау және нығайту барысында тағайындалған әртүрлі деңгейдегі бағдарламаларды іске асыру және кіші, орта бизнес өкілдері үшін — бизнесті жүргізу бойынша санитарлық заңдылық шегінде кеңес беруді мақсат етеді.

Бүгінде медициналық факультет «медико-профилактикалық іс» және «қоғамдық денсаулық сақтау» бағыты бойынша мамандар даярлауда. Факультеттің құрамында қоғамдық денсаулық сақтау саласының, соның ішінде эпидемиология және гигиена кафедрасы, медициналық биостатистика, элеуметтік ғылымдар кафедраларының жетекші сараптамашылары мен мамандары қызмет атқарады. Факультеттің оқытушы-профессорлық құрамы тәлімгер, ұстаз, зерттеуші тәрізді қасиеттерді ұштастыра білген өз саласының кәсіби мамандары болып табылады.

Факультетте мамандарды даярлау бойынша, ғылыми ойларды іске асыру, халықаралық алдыңғы қатарлы университеттермен әріптестік жөніндегі келісімшарттарға отыру сынды жұмыстар қарқынды атқарылуда.

Сондай-ақ жоғары мектеп академиялық бағдарламалардан басқа, аралас мамандықтағы денсаулық сақтау саласы бойынша мамандардың кәсіби біліктілігін жоғарылату және қайта даярлау бағдарламаларын іске асыра бастады. 80-нен астам курстар мен денсаулық сақтау саясаты және ұйымдастыру, денсаулықты сақтау және нығайту, эпидемиология және гигиена, тұтынушылар құқығын қорғау, биостатистика және дәлелді медицина, спорттық медицина, денсаулық сақтаудағы корпоративтік басқару бойынша шеберлік сыныптары өткізіледі.

Тәуелсіз мемлекетіміздің жарқын болашағы үшін елімізді өз кәсібін адал және жетік білетін мамандармен қамтамасыз етуде университетте ашылған медициналық бағыттың қосар үлесі зор.

М.Т. АДИЛОВА,

эпидемиология және гигиена кафедрасының аға оқытушысы

Мировые знания в энергетике Казахстана

Последние годы характеризуются все более углубляющимися процессами интеграции различных стран для решения как локальных, так и глобальных проблем в различных отраслях науки, техники экономики.

КазНУ на протяжении последних нескольких лет интенсивно развивает международные отношения со многими странами, перенимая опыт и навыки передовых стран. Особое внимание уделяется наиболее приоритетным отраслям науки и техники. Одной из наиболее значимых отраслей экономики за последние несколько десятков лет стала атомная промышленность, непосредственно связанная с уранодобывающей и ураноперерабатывающей промышленностями. Уже несколько лет Казахстан удерживает лидирующие позиции по добыче и экспорту урана. Следует же отметить, что данный вид минерального сырья требует очень аккуратного, обдуманного обращения и особых знаний от специалистов. Одной из наиболее передовых стран по вопросам использования мирного атома на сегодняшний день является Япония. Лидирующей организацией, занимающейся вопросами науки, энергетики и инновационных технологий является Японское агентство по атомной энергии (JAEA). С 1996 года агентством проводятся курсы подготовки инструкторов (Instructor Training Course) для таких стран, как Бангладеш, Казахстан, Индонезия, Малайзия, Монголия, Филиппины, Саудовская Аравия, Таиланд, Турция и Вьетнам. Впервые Казахстан принял участие в данных курсах в 2011 году. За эти годы в курсах подготовки инструкторов по направлению «Мониторинг окружающей среды» приняли участие 4 сотрудника лаборатории радиационной экологии имени М.С. Кюри. Основными задачами курсов являются вклад в развитие



человеческих ресурсов в области ядерной энергии азиатских стран, применяя знания и опыт мирного использования ядерной энергии, установление и сохранение сети человеческих ресурсов среди стран-участников.

Важным аспектом курсов подготовки инструкторов стали распространение приобретенных во время курсов знаний в своих странах. Так, ежегодно на базе КазНУ и Института ядерной физики, совместно с Японским агентством по атомной энергии проводятся курсы повышения квалификации для работников атомной промышленности. Программа курсов включает базовые знания в области ядерной физики, атомной энергетики, радиохимии и радиэкологии. Лекторами на данных курсах выступают как участники курсов подготовки инструкторов, так и приглашенные ведущие специалисты и лектора из Японии. Так, в августе 2015 года для специалистов Казахстана были прочитаны лекции ведущим

ученым из Японии в области ядерной медицины доктором Макото Акаши (Makoto Akashi) на темы: «Радиационные аварии» и «Влияние радиации на человека». На лекциях доктора Макото Акаши присутствовали студенты, магистранты, докторанты и сотрудники научных организаций нашей республики. Каждый из присутствующих отметил важность и своевременность данных лекций. Учитывая же план строительства АЭС в Казахстане, мы считаем, актуальность лекций по радиохимии, радиэкологии, ядерной медицине будет только возрастать. В свою очередь, сотрудники КазНУ прилагают посильное участие в развитии столь важного и актуального направления.

Ш.Н. НАЗАРКУЛОВА,
И.В. МАТВЕЕВА,

старшие преподаватели кафедры общей и неорганической химии

ҚазҰУ-да «Жаңа Жібек Жолы экономикалық белдеуі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтеді

НАУКА - ЕГО ПУТЕВОДНАЯ ЗВЕЗДА



Как справедливо было сказано известным ученым И. И. Артоболевским: «Задача ученых заключается не только в развитии научных исследований, но и в борьбе за их использование на благо общества, на благо всех людей мира». Одним из таких ученых, внесших весомый вклад в развитие отечественной науки, является Жарылкасын Абдурахитович Абилов.

Ж. А. Абилов – доктор химических наук профессор кафедры химии и технологии органических веществ, природных соединений и полимеров КазНУ, член-корреспондент АН Высшей школы РК. Окончив химический факультет КазГУ, он свою трудовую деятельность начал старшим лаборантом кафедры физической химии и электрохимии и прошел путь от лаборанта до профессора кафедры коллоидной химии. Защитил кандидатскую диссертацию по теме «Взаимодействие синтетических полиэлектролитов с ионными ПАВ в водных растворах», докторскую диссертацию по теме «Поликомплексы синтетических полиэлектролитов».

С 1996 по 2000 г. г. Ж. Абилов работал заведующим кафедрой органической химии и химии природных соединений, а с 2000 по 2009 г. г. был деканом химического факультета КазНУ. В 2008 году за комплекс исследований по разработке и внедрению серии отечественных лекарственных препаратов был удостоен премии «Фылым сардары», Союза ученых РК. По результатам конкурса МОН РК стал лауреатом Государственной научной стипендии «Для ученых и специалистов, внесших выдающийся вклад в развитие науки и техники РК» и дважды входил в число лучших преподавателей КазНУ.

Будучи заведующим кафедрой органической химии и химии природных соединений, профессор Ж. А. Абилов считал неременным долгом содействовать тому, чтобы ранее проводимые исследования по изучению дикорастущей флоры Казахстана получили «второе дыхание». Благодаря его активной позиции ученого он связал свою дальнейшую научную деятельность с междисциплинарной областью химии и медицины – «Созданием биологически активных препаратов на основе отечественного растительного сырья». Важнейшие результаты этих исследований связаны с проблемой расширения ассортимента новых отечественных фитопрепаратов широкого спектра терапевтического действия.

В 2000 году профессор Ж. А. Абилов в составе делегации НАН РК посетил Институт химии г. Карачи (Пакистан), где ознакомил с результатами исследований химического факультета КазНУ. Был заключен договор о научном сотрудничестве по совместному изучению лекарственных растений Казахстана и Пакистана, который во многом способствует развитию научных исследований в области химии природных соединений. Сотрудники и PhD-

докторанты кафедры ежегодно проходят стажировку в исследовательском центре Института Химии г. Карачи. Директор центра химии доктор Икбал Чаудхари прочитал цикл лекций на факультете химии и химической технологии для аспирантов и докторантов PhD.

Под его руководством на кафедре органической химии и химии природных соединений успешно выполняются исследования по модификации ряда ценных биологически активных природных соединений и разрабатываются новые препараты для медицины и сельского хозяйства.

В направлении химии природных соединений проводится разработка ресурсосберегающих технологий для выделения биоактивных соединений из казахстанской флоры, установление тонкой структуры, стереохимии и взаимосвязи структуры природных соединений и их биологической активности. Это направление развивается под руководством профессора Ж. А. Абилова в рамках научных проектов, входящих в международные и республиканские программы фундаментальных и прикладных исследований.

По результатам научных исследований в области лекарственных растений профессором Ж. А. Абиловым с сотрудниками опубликовано 5 монографий, более 250 научных трудов, среди которых статьи в журналах с импакт-фактором и статьи, рекомендованные Комитетом МОН РК, тезисы на международных конференциях ближнего и дальнего зарубежья и республиканских конференциях. Также по результатам изучения биологического скрининга профессором Ж. Абиловым совместно с сотрудниками кафедры в медицину внедрены препараты и фармакопейные статьи. Под научным руководством профессора Абилова Ж.А. в области химии природных соединений защищены 4 кандидатских и 4 докторских диссертаций.

Для профессора Ж. А. Абилова характерны такие качества как высокая нравственность, человечность, справедливость, понимание, большая забота о студентах и сотрудниках коллектива.

А. К. УМБЕТОВА,
к.х.н.;
Ю. А. ЛИТВИНЕНКО,
к.х.н.

Вот и у Олжаса юбилей. Казалось, недавно мы, его сокурсники, шумно и весело вместе со всеми почитателями его таланта отпраздновали его 70-летие. Как быстротечно время.

К ЮБИЛЕЮ ОЛЖАСА



Студенческие годы. У кого не теплеет сердце, когда вспоминаешь годы нашей юности. Мы учились на геолого-географическом факультете КазГУ им. С.М. Кирова (ныне Аль-Фараби), на первом курсе которого в 1954 году поступили 100 человек на геологическое отделение и 25 – на географическое. Это были годы искрометного веселья, неистовых споров обо всем и обо всех – годы, когда хватало времени на все: учебу, спорт, книги, музеи и театры. Мы действительно были счастливы, что оказались в одно и то же время в одном и том же месте в стенах нашей родной «alma-mater».

За пять лет обучения мы хорошо узнали друг друга, общаясь в аудиториях, общежитиях, на вечерах отдыха, во время занятий спортом, художественной самодеятельностью, на сельскохозяйственных работах, при прохождении учебных и производственных геологических и географических практик, где крепко наше многолетнее студенческое братство. Было много интересных событий, во время которых раскрылись характеры студентов, выявлялись их наклонности, симпатии и антипатии. Несмотря на трудные послевоенные годы, мы были полны энтузиазма и романтики, нами овладевала жажда знаний.

Со дня окончания университета прошло немало лет. Многие из выпускников стали известными людьми: учеными, первооткрывателями месторождений полезных ископаемых, лидерами важнейших отраслей геологической науки и производства. Ими были разведаны и открыты нефтяные, газовые и рудные месторождения Казахстана, которые способствовали значительному подъему экономики нашей республики.

По установившейся традиции выпускники нашего легендарного курса ежегодно в первое воскресенье апреля – День геолога, собираются вместе и каждые пять лет устраивают юбилейные встречи, когда приезжают наши выпускники с ближнего и дальнего зарубежья. Во всех этих мероприятиях всегда участвует и гордость нашего курса, поэт и общественный деятель, народный писатель Казахстана, дипломат и лауреат многочисленных отечественных и зарубежных премий Олжас Сулейменов. Еще в студенческие годы Олжас увлекался поэзией и писал сатирические стихи и фельетоны на различные актуальные темы, активно участвовал в выпуске стенгазеты нашего факультета. Среди наших сокурсников Олжас резко выделялся своим спортивным телосложением. Его всегда можно было узнать по манере поведения среди своих товарищей. По своей натуре он был лидером и доказывал это не только своим высоким интеллектом, а иногда, в критических ситуациях, мог постоять за себя и за своих друзей.

Окончив 4 курс КазГУ, Олжас подал заявление в Московский литературный институт им. М. Горького, куда был зачислен после успешной сдачи экзаменов. Одновременно ректорат КазГУ

разрешил ему продолжать учебу на геофаке без перехода на заочное отделение. Таким образом, в 1958-1959 учебном году О. Сулейменов закончил первый курс литературного института, а затем в КазГУ успешно защитил диплом, получив специальность инженера-геолога.

Известно, что студенческая дружба – самая крепкая. Юбилейные встречи, как правило, начинаются с исполнения гимна геофака. Убеленные сединами наши выпускники, стоя плечом к плечу, с молодым задором поют гимн геофака:

Каждый, кто юн и весел,
Тот будет петь о нашем факультете.
Как дым родного города,
Нам это слово дорого,
Природу любим мы
И не забудем мы
Родное слово «геофак»!

Этот гимн для нас является символом духовного единства с университетом, с родным нашим факультетом. При встрече с нами Олжас раскрепощается, здесь он просто «Олжас». Здесь он шутит, веселится, импровизирует и увлекает своими остроумными рассказами так, что мы невольно умолкаем и зачарованно слушаем его.

В 2014 году в честь 80-летнего юбилея нашего университета и 60-летия нашего выпуска, мы выпустили книгу «Незабываемый свет студенческих лет». В ней мы решили показать на отдельных примерах деятельности наших выпускников, в том числе и на примере Олжаса Сулейменова.

Мы не будем давать оценку его творческой деятельности, о нем написаны сотни работ. Хочется сказать, что базовая профессия Олжаса как геолога, несомненно, сказалась на его творчестве, т.е. его первая профессия наложила определенный отпечаток на его произведения и поэтическое мышление. Он смотрит на природу и явления глобально, масштабно, так же как геология оперирует геологическими пластами в пространстве и во времени миллионами лет. Как сын степей он смотрит вдаль и видит перспективу того или иного явления и все время стремится «возвыситься степь, не унижая горы».

О творческой деятельности Олжаса и его роли в обществе хорошо сказал уважаемый нами патриарх казахской литературы, незабвенный Герольд Бельгер: «На мировую орбиту взлетел один русскоязычный казахский поэт Олжас. Он, как никто из поэтов, прославил свой народ, свою страну... Он сподобился поднять престиж своего народа, его культуру, историю, честь и достоинство. Каждый казах, убежден, должен гордиться Олжасом». Мы с удовольствием присоединяемся к словам патриарха и, пользуясь возможностью, искренне поздравляем нашего однокурсника Олжаса с предстоящим юбилеем!

С.А. КУСАИНОВ,
профессор кафедры географии,
землеустройства и кадастра

К ВОПРОСУ ПОДГОТОВКИ КАДРОВ

В начале марта в Высшей школе экономики и бизнеса КазНУ прошел обучающий семинар по проблемам кадровой политики вузов Казахстана в контексте Болонского процесса. Тренинг проводила д.э.н., член Национальной команды экспертов по реформированию высшего образования европейской программы Эразмус+ в Казахстане, директор ЦЭИ Р. К. Сагиева.



В семинаре приняли активное участие декан ВШЭБ Б. Ж. Ермакбаева, заведующие кафедрами, профессора и молодые преподаватели факультета. Основной целью тренинга было обучение административного и академического персонала навыкам формулирования критериев и требований к претендентам на должность преподавателя вуза и заведующего кафедрой.

Работа семинара включала в себя четыре основных блока: ознакомление с результатами регионального обзора европейских экспертов – М. Кело и Ф. Дюбош «Управление кадрами в вузах стран-партнеров Tempus в Центральной Азии»; ознакомление с результатами

анкетирования персонала в вузах Казахстана; тренинг по улучшению качества отбора персонала в вузы на основе организации командной работы; подведение итогов, выработка рекомендаций.

По результатам работы групп были сформулированы рекомендации, которые позволят руководителям повысить качество принимаемого на работу академического персонала, а самим руководителям и преподавателям посмотреть на свои компетенции с точки зрения современных требований.

Р. К. САГИЕВА,
д.э.н., профессор, директор ЦЭИ

ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай ҚР Президенті архивінде ҚазҰУ-дың тарих, археология және этнология факультетінің студенттері мен магистранттары арасында архивтанулық олимпиада өтті.

АРХИВТАНУЛЫҚ ОЛИМПИАДА



Шараны ашқан архив директоры Б.Ә. Жапаров өз сөзінде архивтанулық олимпиаданың тұңғыш рет өткізіліп отырғанын айта келе, бұл бастаманың болашақ архивистердің мамандықты игеруге деген ынта-ықыласын арттыруға, Ұлттық архив қорының құжаттарын кәсіби тұрғыдан әйгілеуге, архив ісі мен құжаттануды насихаттауға, архив мамандығының мәртебесін көтеруге және болашақта архивтің кадр резервіне мамандық бойынша кызметкерлерді іріктеуге өз септігін тигізетінін атап өтті.

Олимпиаданың бірінші кезеңінде қатысушылар мамандық бойынша дайындалған тест тапсырмаларына жауап беріп, келесі кезеңде алдын ала берілген тақырыптар бойынша баяндамаларын қорғады. Олимпиада нәтижесі бойынша I орынды – 2-курс магистранты Г. Қалмырзаева, II орынды – 3-курс студенті Б. Жақсылық, III-орынды 3-курс студенті Ж. Сұлтанхан иеленді.

ҚР Президенті архивінің кадр резервіне А. Максұмханова лайықты деп табылды. Сондай-ақ, екі кезеңнің нәтижесі бойынша жоғары нәтиже көрсеткен студенттер «Ең үздік таныстырылым», «Үздік инновациялық жоба», «Тәжірибелік қолданыс үшін», «Ғылыми маңызды жұмыс», «Өзекті тақырып», «Белсенділігі үшін», «Қатысканы үшін» деген номинациялық дипломдармен сыйлықтарға ие болды. Олимпиадаға т.ғ.к., доцент Л.М. Хасанаева демеушілік көрсетіп, жүлделі орын алған студенттерге ҚР Орталық мемлекеттік архивін басқарған Марат Хасанаевтың туғанына 70 жыл толу мерейтойына орай тағайындалған шәкіртақыны табыстады.

С.М. ШАЙЖАНОВА,
ҚР Президенті архивінің
Құжаттарды ғылыми жариялау
басқармасының архивісті

ҚАЗҰУ-ДАН ТҮЛЕП ҰШҚАН

Айбынды ана тіліміз мемлекеттік тіл мәртебесін алған күннен бастап, қазақ тілі республикамыздың жоғары оқу орындарының орыс тілді аудиторияларында екінші тіл ретінде оқытыла бастады. Осы мақсатта ҚазҰУ-да ашылған практикалық қазақ тілі кафедрасына 1992 жылы «Жазушы» баспасындағы тәжірибесімен келген Зейнехан Сейітханқызы бастапқыда университет аудиториясының есігін жасқана ашқан еді.



Шынында да, өзі осы университет түлегі, қазақ тілі мен әдебиеті маманы болғанмен, бұл кәсіптің өзгеше бір қырымен шұғылдануына тура келді. Тәуелсіздік алып, ана тіліміз мемлекеттік мәртебеге ие болып бәркімізді аспанға атып жүрген шақта қиындыққа мойымай, тәуекел студі кафедралар менгерушісі, профессор Талғат Сайранбайұлы әр оқытушының құлағына құюмен болатын. Оның әрбір сөзі жігерін жаныған Зейнехан Сейітханқызы тынымсыз іздене бастады. Орыс, шетел тілдерін оқыту тәжірибелерін шұқшия қарағанда ұққаны – нақты мәтін қажет екендігі. Оқытушы сөмкесін сол кездегі практикалық қазақ тілін оқытуға арналған бірлі-жарымды еңбектер мен газет қиындыларына толтырумен тәжірибе жинақтай бастағанын жасырмайды. Алайда уақыт өте келе оқытушы тіл үйретудегі өз ізденістерінің мольғып қалғанын сезініп, экономика факультетінің орыс тілді аудиториясына арналған «Қазақ тілі» оқулығын жазып шығуы сол кезеңде елеулі жетістік еді. Өйткені, жоғары мектептерде қазақ тілі әр мамандыққа қатысты оқытылады. Келе-келе оқытушының тіл үйрету практикасын ғылыммен ұштастыруы кезек күттірмейтін қажеттілікке айналып, профессор Т.С. Сайранбаевтың жетекшілігімен 1995 жылы «Қазіргі қазақ тіліндегі мезгіл пысықтауыш» атты кандидаттық диссертация қорғады. 2001–2003 жылдары практикалық қазақ тілі кафедрасының менгерушісі қызметін атқарды. Мінез-бітімі қарапайым, өзін әрдайым кішіпейіл ұстайтын, ұстамдылығы, кісіні тандандыратын оның ерекше ұйымдастырушылық, білімпаздық қасиеттері, әсіресе ешқашан мойымайтын еңбекқорлығы осы кезде танылған еді. Кейін қызмет бабымен Астанаға барып, 2006–2010 жылдары Еуразия ұлттық университеті практикалық қазақ тілі кафедрасының менгерушісі қызметін атқарғанда еңбегі еселене түсті. Тіл үйретуді тынымсыз әрекет деп түсінетін ғалым: «Ғылым тоқтауды сүймейді», – дейді. Ғылым мен практиканы ұштастырудың маңыздылығы 2001–2005 жылдары үздіксіз жариялана бастаған гуманитарлық факультетке арналған «Қазақ тілі оқулығының практикалық курсы» (2001; 2010;) және осы аттас 2002, 2003 жылдары әр түрлі мамандыққа арналып «Раритет» баспасынан бір емес, бірнеше дүркін басылып шығып жатқан оқулықтардың сол кезеңде және қазірде зор сұранысқа ие болғанын Зейнехан Сейітханқызының студенттері мен әріптестері жақсы біледі. Қазірге дейін кітапхананың кітап беру бөлімінде Күзекованың «Қазақ тілін» алуға тұрған студенттер кезегіне көз сүріндіреміз. Тіпті, сол кезеңнің өзінде-ақ ғалым-ұстаз 2003 жылы «Таным» баспасынан жарық көрген «Қазақ тілі. Тілді оқытып үйретудің екінші кезеңіне арналған оқулығында», «Қазақ тілі. Мемлекеттік қызметкерлерге арналған» оқулығында (2000) және осы аттас оқулықтың (2005) 2-ші басылымында өзге ұлт өкілдеріне тіл үйретудің жаңаша әдістемесі сипатында танылған денгейлік оқытуды сынаған еді. Осы деректердің өзі-ақ Зейнехан Сейітханқызының үздіксіз ізденісін, еңбекқорлық қасиетін таныта бастады. 2005 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология факультетінің Ғылыми кеңесінде «Екінші тіл ретіндегі қазақ

тілі оқулығы теориясының лингвистикалық негіздері» атты докторлық диссертациясын қорғады. Оқулық теориясын жазуына мұрындық болған ғылыми кеңесшісі көрнекті лингвист, профессор Элеонора Дүйсенқызы Сүлейменованың ұстаздық қамқорлығын, жолбасшылық еңбегін Зейнехан Сейітханқызы әрдайым жылы лебізбен әңгімелейді.

2010 жылдан бастап Назарбаев университеті Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар мектебінің (SHSS) қауымдастырылған профессоры қызметіне ауысқан З.С. Күзекова аталған университеттің халықаралық деңгейдегі беделін арттыру бағытында тың ізденістерге жол ашып келеді. Ғалым З. Күзекова қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесі, қоғамдық қызметі және қазақ тілін оқытып-үйретудің ғылыми-инновациялық негіздері, қазақ тілінің функционалды грамматикасы, қазақ тілі оқулығы теориясының мәселелері мен практикасының өзекті мәселелері жөнінде шетелдік және отандық халықаралық симпозиумдар мен конференцияларда баяндамалар жасап, 80-нен астам мақалалар жазғаны да ғалымның мақалмақал жерінен хабарлар етеді. Әсіресе, ғалымның басшылығымен айрықша қоғамдық сұраныс талабын қанағаттандыру мақсатында жазылған «Қазақ тілі тест теориясының негіздері және тестілеу практикасы» (көмекші құрал) (З.С. Күзекова, Г.С. Пазылова, Е.Қ. Әбдірәсілов. Алматы, 2009) еңбегінің маңызы ерекше бағалы деуге болады. Шынында да, халықаралық деңгейде мойындалған ағылшын тілін білуді бағалауға арналған TOEFL, IELTS жүйелерінің негізінде жасалған ҚАЗТЕСТ дайындалды. Авторлар айтуынша, қазақ тілін білу – қолдану, менгеру денгейін анықтайтын, жетілдірілген тәсілдер мен әдістер бойынша дайындалған шынайы бағалау жүйесі осыған дейін болмағанын ескерсек, авторлардың қаншама қиындықтарды жеңе білгенін сезінесіз.

Танды таңға ұрып, көз майын тауысқан ғалым еңбегі елеусіз емес. Филология ғылымдарының докторы, профессор Зейнехан Сейітханқызы Күзекова Қазақстан жоғары оқу орындары ассоциациясы жана талаптағы оқулықтары үшін (2003) А. Байтұрсынұов атындағы медалінің, «Сорос – Қазақстан қоры» (1997) грантының, Қазақстан Республикасы «Үздік оқытушы» (2007) грантының, ҚР Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасының (2014) иегері.

Ғалымның қазақ тілін үйретуге арналған 20-дан аса оқулықтары мен қосымша оқу құралдары, ғылыми еңбектері ана тілімізді мемлекеттік тіл санатында дамытуға қосылған айрықша үлес болып табылады. Бүгінде Назарбаев университетінің профессоры, ғалым-ұстаз Зейнехан Күзекованың қазақ тілін ғылыми-инновациялық негізде өзге ұлт өкілдеріне үйретудегі өрісті үлгі-өнегесі қалыптасқаны анық. Елеулі іс тындырып жүрсе де, ұстамды мінезінен айнымайтын Зейнехан Сейітханқызы ғылыми ортада абыройлы, өнегелі ұстаз-ғалым, танымал әдіскер мәртебесіне лайық.

Раушан ӘБДІҚҰЛОВА,
ф.ғ.к., доцент;
Ақнұр ОСПАНОВА,
PhD докторы, оқытушы

Война. Страшнее этого слова нет. Она – порождает огромную боль. Она – причина всей скорби, которая остается в сердцах на долгие годы. Это тяжелый груз для души. Сколько же грусти и печали носит с собой война, она забирает много жизни. А мир – такое прекрасное и простое слово. Однако, чтобы люди ценили его, должны ли они познать мировой кошмар, сопутствующим ненавистью и страданием?

ЧТОБЫ НЕ БЫЛО ВОЙНЫ!



Верить, что скоро вернется. Я думаю, что сильнее этой тревоги нет.

Я очень хочу изменить мир. Я искренне верю, что мы, люди, найдем тот самый свет, который разгонит всю тревогу в наших сердцах. Вместе с этим светом мы осветим весь мир. Даже если наступит темная ночь, без звезд и без луны, мы внесем яркий свет из своих душ. С этим светом мы разукрасим яркими цветами жизнь. Мы

свернем горы, сделаем все невозможное, потому что у нас есть желание жить в мире. Этим желанием мы подарим теплоту и любовь окружающим. Мы должны стереть понятие войны.

Гаухар ОСПАМБЕКОВА,
студентка 1 курса факультета
географии и природопользования

Жуырда ҚазҰУ-дың заң факультетінің оқытушы-профессорлық құрамы «Айналанды нұрландыр» жобасы аясында Алматы қаласының мектеп бітіруші түлектерімен кездесу өткізді.

БІЗДІҢ ҚАТАРЫМЫЗҒА ҚОСЫЛ!

Кездесудің мақсаты мектептермен тікелей қарым-қатынас орнатып, кәсіби бағдарлау жұмыстарын жүргізу болып табылады. 2015-2016 оқу жылында заң факультеті Алматы қаласы Медеу ауданының мемлекеттік меншіктік нысанындағы жалпы орта білім беретін ұйымдардан құралған мектептерінде кәсіби бағдар бойынша кездесулер өткізуде. Осы бағытта бөлінген мектептер бойынша түлектер туралы мәліметтер базасын құру, оның ішінде бітіруші түлектер саны, «Алтын белгіге» үміткерлер, ерекше аттестатқа ие түлектер, халықаралық және республикалық олимпиада жүлдегерлері туралы мәліметтер қамтылуда.

Мектеп түлектеріне біздің қатарға қосылып, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың заң факультетінің студенті атануға, бәсекеге қабілетті маман болуға үндеу жасадық. Сонымен қатар үміткерлерге ҚазҰУ-дың оқу ғимараттарын, университет мұражайын, заманауи кітапхана, «Керемет» СКҚО жұмыстарымен таныстырып, университет жетістіктері жайлы мол мағлұмат берілді.

С.Ш. ДАУБАСОВА,
заң факультеті

Тәуелсіздік тағылымы

Айтыс-қазақ халқының ұлттық мәдениетінің айқын көрінісі болып табылатын асыл қазынамыз. Тарихы терең бұл өнер ел қамын, ұлт болашағын, қоғам тынысын жырлап қана қоймай, салиқалы ойды, сүйектен өтер сөзді, тұшымды пікірді қасиетті қара домбыраның үнімен ұштастыра білетіні де белгілі.

Ұлтымыздың ұлы мұрасы болып табылатын айтысты қазақ жастарының бойына сіңірту, оның киелілігін ұғындыру, бабамыздан қалған асыл құндылығымыздың маңызын жоғалтпай, өз дәрежесінде сақталуына әсер ету ұрпақтар сабақтастығын жалғайтын аға буынның қолында десек артық айтқанымыз емес.

Осыған орай, жақында ҚазҰУ-да ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған республикалық «Тәуелсіздік тағылымы» атты студент ақындар айтысы болып өтті. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ журналистика факультеті ЮНЕСКО, халықаралық журналистика және қоғамдық медиа кафедрасының ұйымдастыруымен өткен бұл аламан додаға еліміздің әр өңірінен 12 ақын қатысты.

Бәйгенің негізгі мақсаты тәңірдің бұйырған тәтті сыйы іспеттес болған Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығын, Қазақ хандығының 550 жылдығын жырға қосып, бақытты халық ұрпағының келешекке деген кемел көзқарастарын таныту, еліміздің жалынды жастарының тәуелсіздіктен кейін қол жеткізген жетістіктерін, бағындырған биіктерін, қарышты қадамын төз өнеріміз – айтыс арқылы жырлау, жас ұрпақты өз Отанын, елін, жерін, ұлттық құндылығын сүюге тәрбиелеу болып табылады. ЮНЕСКО тарапынан белгіленген «поэзия күні» айтыс арқылы республикалық деңгейде салтанатты түрде атап өту де осы байқаудың негізгі мақсаттарының қатарын толықтырған болатын.

Дарынды жас айтыскерлердің бұл сайысына әділ бағасын беретін төрешілер қатарында Халықаралық «Алаш» Әдеби сыйлығының иегері, ақын Жарас Сәрсек, Ә. Қастеев атындағы бейнелеу өнері және техникалық дизайн мектебінің директоры, ҚР Бейнелеу өнері академиясының корреспондент-мүшесі Ханзада Есенова және тағы басқа аға буын өкілдері болды. Айтысты журналистика факультетінің деканы, қазылар төрағасы Сағатбек Медеубекұлы ашып, ақындарға сәттілік тілесе, келесі сөз кезегін алған ұйымдастырушы, ЮНЕСКО, халықаралық журналистика және қоғамдық медиа кафедрасының жетекшісі Назгүл Шыңғысова жастар үшін маңызы зор доданың жоғары деңгейде өтуіне атсалысқан Дәурен Қалымбетұлына, Толқын

Ақанұлына, Ғаділет Нәбиұлына, 5 жыл бұрын ұлттық университет түлектері негізін қалаған «Көркем фильм» компаниясына, «Свобода слова» газетінің бас редакторы Жанна Ойшыбаева мен өзге демеушілерге алғыс білдіріп, бәйгеде бақ сынағалы тұрған жас жүйріктерге ақ тілегін арнады.

Аламан айтыстың шымылдығы ашылған соң, ақындар көрермендерді құлақтан кіріп бойды алған әсем жырларымен, ұлтым деп ұрандаған рухты сөздерімен қуантты. Сан ғасырлар бойы тағдырдың тәлкегін бастан кешірген қазақ халқының өжеттілігі де, аңсаған азаттықты алу жолындағы толассыз күрестері де ақындардың жыр жолдарынан табылды. Қазіргі қазақ қоғамында орын алып жатқан маңызды мәселелер де, жастар арасында қызу талқыға салынатын өзекті тақырыптар да жас айтыскерлердің назарынан тыс қалған жоқ. Көптің көкейінде жүрген сұрақтар да осы бәйге барысында ашық айтылды десек артық айтқанымыз емес. Осы орайда, қара шаңырақ ҚазҰУ-ға жан-жақтан жиылған студент ақындардың білім мәселесін де өз деңгейінде көтергенін айта кетіміз керек.

Байқау қорытындысы бойынша ІІІ орынды Абай атындағы ҚазҰПУ филология факультетінің 2-курс студенті Айдана Қайсарбекқызы иеленсе, доданың ІІ дәрежелі дипломымен Сүлейман Демирель атындағы университеттің 4-курс студенті Алтынбек Ибрагимов марапатталды. Көптің көңілінен шыққан бұл сайыста І орынды қанжығасына байлаған Павлодар қаласы Инновациялық Еуразия университетінің 4-курс студенті Абзал Қабдыраш болса, қарсыластарынан ерекше басымдықпен алға шығып, осымен екінші рет байқаудың бас жүлдесін иеленген Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті журналистика факультетінің 3-курс студенті Айтбек Тұрсынбаев өзінің от ауызды, орақ тілді айтыскер екенін тағы бір дәлелдеді.

Осылайша, талайды тамсандырған жыр дода өз мәресіне жетті. Шараны қорытындылаған Сағатбек Медеубекұлы жеңімпаздарды құттықтап, барлық студент ақындардың болашағын зор үміт күтетінін жеткізді.

Ұлжан ИБРАИМ,
Студенттік баспасөз орталығы

Жеңісті апталық

Жуырда Алматы қаласы бойынша Француз Альянсы мен қалалық Француз тілі оқытушылары қауымдастығының ұйымдастыруымен «Франкофония апталығы» болып өтті. Апталыққа француз тілін оқитын жоғары оқу орындарының студенттері мен мектеп оқушылары қатысты.



Бұл апталыққа университетіміздің филология және әлем тілдері факультетінің «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығының студенттері мен оқытушылары ерекше ат салысты. Жарыста әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенттері алға шығып, жүлделі орындарға ие болды. «Аймақтық мозаика» байқауы бойынша І орынды ЕШТ мамандығының 4-курс студенттері иеленді. Олар үнді халқының салт-дәстүрі, мәдениеті, асханасымен таныстырып, ұлттық би билеп, қазылар алқасы мен көрермендердің ыстық ықыласына бөленді. «Лингвистикалық олимпиада» байқауы бойынша ІІ жүлделі орынды 4-курс студенті Аягөз Ибрагим жеңіп алса, ІІІ орынға 4-курс студенті Ария Сейдин шықты. Көптеген студенттер ынталандыру сыйлықтарына ие болды.

Кеш соңында қазылар алқасы сөз алып, жоғары оқу орындарының ішінде апталыққа белсенді қатысқан әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенттерінің білімдері мен өнерлерін ерекше атап өтіп, алғыстарын білдірді.

А.Ә. КАМЗИНА,
Жалпы тіл білімі және еуропа тілдері кафедрасының
аға оқытушысы

БОЛАШАҚ ЖУРНАЛИСТЕР ЖЫЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың журналистика факультетінде «Айқын» республикалық қоғамдық-саяси газетінің бас редакторы Нұртөре Жүсіптің «Мың құмырсақ және біз» атты кітабының тұсаукесері аясында студенттермен кездесу өтті.



Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ (фото)

Аталмыш шараға «Түркістан» газетінің бас редакторы Шамшидин Паттеев, журналистика факультетінің деканы Сағатбек Медеубекұлы, факультет профессорлары – Сағымбай Қозыбаев, Клара Қабылғазина, Аманкос Мектептегі қатысып, құнды кітап төнірегінде пікірлерін айтты.

Студенттерге өз тәжірибесі төнірегінде түрлі кеңес берген кітап авторы Нұртөре Жүсіп: «Басылымның қандай түрінде қызмет істесем де, мен азаматтық көзқарасымды алға қоямын. Ол,

біріншіден, қасиетті қарашанырақ – ҚазҰУ берген дипломды ақтау, екіншіден, ұжыммен дайындап отырған газетімді кәсіби деңгейде шығару, үшіншіден, құрылтайшының талап-тілегінен шығу керек, ал, төртіншісі, редакция қызметкерлерінің еркін жұмыс жасауына мүмкіндік беру», – деді.

Алмагүл ҚҰРМАНБАЕВА,
журналистика факультеті

КҮНШЫҒЫС ЕЛІНЕ САЯХАТ

Жапондықтардың мәдениеті мен өркениетіне қызыға қарайтын жандар жетерлік. Сондай адамдардың басын қосып, күншығыс еліне ойша саяхат жасауға мүмкіндік беретін мерекеге толы апталық әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да жыл сайын дәстүрлі түрде өтіп келеді.



Ағымдағы жылдың 26 сәуірі мен 1 мамыр аралығы шығыстану факультетінде жапонтану апталығына арналды. Киыр Шығыс кафедрасының ұйымдастыруымен жүзеге асырылған бұл апталық «Күншығыс еліне саяхат» атты концерттік бағдарламамен ашылды. Қонақтар арасында жапондықтар болатынын ескеріп, бағдарлама жапон және қазақ тілдерінде жүргізілді. Меймандар жайғасқан соң, шығыстану факультетінің деканы Жұбатова Баян Нұрсұлтанқызы мен Киыр Шығыс кафедрасының меңгерушісі Ем Наталья Борисқызы келген қонақтар мен студенттерге арнап сөз сөйлеп, жылы лебіздерін білдірді. Іс-шараның шымалдығын талантты сазгер, дәстүрлі жапон музыкасын Қазақстанда насихаттаушы Төреғали Аймұрат мырза ашты. Оның жапон ұлттық аспабы – сямисэнде (ішекті аспап) ойнағаны мерекелік іс-шараға қатысып отырған жапондықтарды бір қуанып тастады. Сондай-ақ, сямисэн аспабы туралы айтқан әдемі әңгімелері де көпшіліктің аспапқа деген қызығушылығын оятып, Төреғали Аймұрат мырзаға қойылған сауалдар легі толастамады.

Концерттің жалғасын заманауи жапондық би жалғады. Бірнеше тілді меңгерген студенттер ағылшын тілінде ән айтып, өздерінің әдемі дауыстарымен халықты таң-тамаша етті. Жапондарда театр өнерінің тарихы терең, ауыз әдебиеті көрнекті, мазмұнды екеніне 2-курс студенттерінің дайындаған сахналық көрінісінен куәгер болдық.

Апталық аясында ашық есік күндері де өткізілгендіктен, қонақтар қатарында сынып жетекшілерімен бірге келген мектеп оқушылары да болды. Жапониямен жақын танысуда олар үшін ең ұнаған келесі сәттің бірі – жапон ұлттық тағамдарын дайындау бойынша өткізілген шеберлік класы болды. Жапон қорының өкілі, Ph(D) Ониши Юми мен кафедраның аға оқытушысы Рыспекова Назира жапон асханасында күнделікті күріштен дайындалатын «онигири» тағамы мен теңіз балдыры қосылған «мисо» сорпасын көпшілікке ұсынды.

Жапонияның тарихымен және салт-дәстүрімен танысу сәттері көпшілік көңілінен шығып жатты. Әсіресе, бірнеше айдан кейін студенттер қатарына қосылатын мектептің бітіруші түлектеріне ұнады деп ойлаймыз. Олар алдағы уақытта жоғары оқу орнына құжат тасырар кезде өз таңдауларын шығыс тілдерін үйрететін осы факультетке беретіндіктерін жасырмай да айтып жатты. Мұндай шаралар оқушылардың өз университетімізге тартуға көп көмегін тигізетіні анық. Осылайша, жапон тілі апталығы тартымды да, қызықты, студенттер мен оқушылардың ой-өрісін кенейтетін шараларға толы болды.

Л.Д. НҮРСЕИТОВА,
Г.Р. ОРАЗБЕКОВА,
Киыр Шығыс кафедрасының
аға оқытушылары

Ата дәстүрімізде жетімін жылату – елдікке – сын, сүйекке – таңба еді. Қазақстанда дәл қазір жеті жүзге жуық интернат бар екен. Еліміздегі жетім балаларға арналған осындай мекемелерде шамамен 40 мыңнан аса жауаңкөз тәрбие алуда. Бір өкініштісі, солардың 80 пайызға жуығы – әлеуметтік тастанды, ал қалғаны – жетімдер екен.

Айналанды нұрландыр!

Дегенмен, бүгінгі күні елімізде бала асырап алуға деген көзқарас түзеліп, жетімдерді жебегендердің саны едәуір артыпты. Жүрекке аз да болса жылылық ұялататын жайт – осы. Осындай ата-ананың аялы алақанына зәру болған балаларға көлдің тамшысындай болса да көмек көрсетіп, қол созу ниетімен жуырда Алматы қаласы Наурызбай ауданы Ақжар кентіндегі «Ақ үміт» балалар үйінің қамқоршы басшысы Қалинұр Қасықбайқұлына хабарласып баратынымызды ескертіп, рұқсат алдық.

«Айналанды нұрландыр» жобасы аясында жүзеге асқан қайырымдылық шарасына ЭЖБЖМ-нің 1-курс студенттері белсене атсалысты. Олар балаларға арналған базарлығымызды беріп, ойын-концерттік бағдарламаларын ұсынды. Бала күлкісімен қуанышына бірге қуанып, қуат алғандай болдық. Бұл рас, кім Алла ризалығы үшін бір жетімнің басынан сипаса, оның қолы тиген әр тал шашындай жақсылық болады деген сөз бар. Барлық жақсылықтар тек имандылықтың, адамгершілік пен мейірбандықтың арқасында болады. Қайырымдылық қанат жайып, сүйіспеншілік, салтанат құрған елдің ғана болашағы баянды. Жастар балалар үйінен осыны терең ұғынып қайтты.

И.У. КУЛИЕВ,
З.Ш. АЙТУҒАНОВА,
экономика кафедрасының оқытушылары

Радионың көптеген табиғи қасиеттерінің, әсіресе жеделдігінің арқасында ақпарат жеткізуде көш бойы озық тұр. Сондықтан да журналистика факультетінде студенттік радио жұмысына ден қойылуда.

«Әл-Фараби» радиосы – онлайнда

1997 жылдың 16 қаңтарынан Қазақ радиосының бірінші арнасынан қазақ және орыс тілдерінде алғаш рет студенттік бағдарлама эфирге жолдана алған еді. Тұңғыш студенттік радионың хабары ұлт тілінде республикалық Қазақ радиосында басталып, алғашқы жарты сағаттық бағдарлама мақала авторының жетекшілік етуімен эфирге шыққан болатын. Алғаш «Сана» деп аталған радио атауы өзгеріп кейін «Әл-Фараби» радиосы атанды.

Студияның қазіргі жұмысы тікелей эфирге ауысқан. Радиостудия шәкірттердің тәжірибе мектебіне айналып отыр. Хабарлар қазақша, орысша, ағылшынша аптаның алты күнінде беріледі. «Армысыздар, әл-Фараби радиосының тындармандары!» деген жүргізушілердің дауыстары бүкіл ҚазҰУ қалашығына таныс. ҚазҰУ жаңалықтарымен қоса көптеген айдарлар бойынша хабарлар беріледі. Күнделікті үлкен үзіліс кезінде эфирге қосылатын студенттік радио өз жұмысын ҚазҰУ өмірінде болып жатқан жаңалықтардан бастайды. Қосымша спорт жаңалықтары беріледі. Шығармашылық топқа енгендер алдымен тақырыптық жоспар жасап, студияға кімдерді шақыру керек деген мәселе төнірегінде ақылдасып отырады. Кейде жалпы проблемалық тақырыптар аясында да хабар дайындалатын кездер болады. Ондай тақырып мазмұнын, идеясын ашатын факторлар іріктеліп алынып, барлық қырларын көрсетуге ықпал ететін белгілерді табу үшін студенттер жан-жақты ізденеді. Бағдарламаның кешегі де, бүгінгі де басты мақсаты – студенттер өмірінің күн тәртібінде тұрған проблемаларын жан-жақты көрсету, жастардың мүддесінен шыға алу, көңілді музыкалар бере отырып, өз аудиториясын жинау.

Студенттер радиосының бір ерекшелігі – неғұрлым көп сюжеттерге орын бере отырып, қысқа-қысқа хабарлар арқылы тындарман мағлұматын молайту. Көбінесе, музыкаға орын берген жөн деп тапқанмен, болашақ журналистің қаламын ұштау, тілін, стилін қалыптастыруға, сөйлей білуге, сөйлесуге дағдыландыру, өмір құбылыстарына барып, араласып үйренудің маңызы зор. Студенттік радио арқылы шәкірттер хабар жасауға төселе түсуде. Техникалық безендіруді меңгеруде. Монтажды операторлардан кем жасамауға ұмтылады. Яғни, дайын журналистер ретінде радионың ісіне араласуға әрекет етуде. Шынында да үйрену зертханасының қазанынан қайнап шыққан студенттер хабар жасаудың қарапайым процесінен бастап, күрделісіне, дыбыс жазудан кейін монтаждап, музыкамен әрлеуге дейін меңгеруді мақсат тұтады. Қазір оларда кемшіліктер де жоқ емес. Өмірде қолданылатын жаттанды сұрақтар, шиыр болған тақырыптардың айналасынан шықпайтын әдеттер оларда да бар. Жас журналистер ертең үлкен нағыз журналистика «майданына» араласқанда ондай кемшіліктерді қайталамаулары үшін де тәжірибе мектебінен өтулері тиіс.

«Әл-Фараби» радиосы үшін үлкен бір серпіліс жүзеге асырылды. Ол – студенттік радионың интернетке қосылуы. Ендігі жерде дайындалған хабарларымызды әлемнің түкпір-түкпірінде тұратын отандастарымыз тыңдай алады. Алайда, бұл жаңалық болашақ журналистерге үлкен жауапкершілік жүктейді. Хабарлардың мазмұндылығын, сапасын арттырумен қатар, университет имиджін көтеру үшін қызмет етуіміз керек. Яғни, әлемге танымал оқу орнының рейтингіне сай радио болуы қажет, ол үшін болашақ радиожурналистерді шынайы, қаламдарын ұштап, үлкен өмірге даярлайтын тәжірибе мектебі өз парызын өтеп, кәсіби шеберлік бастауы бола бермек.

Клара ҚАБЫЛҒАЗИНА,
баспасөз және электронды БАҚ
кафедрасының профессоры

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор м.а.: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**
Жауапты хатшы – **Дариға АМАНКЕЛДИЕВА**
Тілшілер: **Қаламқас АМАНҚОСОВА, Елдана ТОҚБАЙ**
Дизайнер – **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**
Фототілші – **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**
Корректорлар: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Қарлыға ИБРАГИМОВА**

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 7,
ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.
Электронды мекенжай:
kazuniver-gazeti@mail.ru

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,
беттелді. "Бизнес-Информ" баспаханасында басылды
Тел: 2-93-09-09

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 1000 дана
Тапсырыс: №291

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.